

2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Түркістан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 13/122-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 желтоқсанда № 25905 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабының 2-тармағына, 75-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Түркістан облысының 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 1 181 534 500 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 53 869 164 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 14 251 555 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 50 000 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 1 113 363 781 мың теңге;
- 2) шығындар – 1 219 908 954 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – - 29 864 796 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 9 543 722 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 39 408 518 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 79 570 мың теңге, оның ішінде:

- қаржы активтерін сатып алу – 109 570 мың теңге;
- мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 30 000 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы – - 8 589 228 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 8 589 228 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 13.12.2022 № 19/231-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2022 жылға облыстық бюджетке және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кірістерді бөлу нормативтері келесідей мөлшерлерде белгіленсін:

ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне - 50 пайыз;

облыстық бюджетке басқа аудандардан (облыстық маңызы бар қалалардан) - 50 пайыз;

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Бәйдібек ауданының бюджетіне – 32,7 пайыз;

Жетісай ауданының – 33,5 пайыз;

Қазығұрт ауданының – 35,8 пайыз;

Келес ауданының – 27,7 пайыз;

Мақтаарал ауданының – 26,8 пайыз;

Ордабасы ауданының – 23,9 пайыз;

Отырар ауданының – 45,5 пайыз;

Сайрам ауданының – 26,8 пайыз;

Сарыағаш ауданының – 39,5 пайыз;

Сауран ауданының – 45,7 пайыз;

Созақ ауданының – 0,3 пайыз;

Төлеби ауданының – 29 пайыз;

Түлкібас ауданының – 34,2 пайыз;

Шардара ауданының – 45,9 пайыз;

Арыс қаласының – 31,2 пайыз;

Кентау қаласының – 18,9 пайыз;

Түркістан қаласының – 69,2 пайыз;

облыстық бюджетке:

Бәйдібек ауданынан – 67,3 пайыз;

Жетісай ауданынан – 66,5 пайыз;

Қазығұрт ауданынан – 64,2 пайыз;

Келес ауданынан – 72,3 пайыз;

Мақтаарал ауданынан – 73,2 пайыз;

Ордабасы ауданынан – 76,1 пайыз;

Отырар ауданынан – 54,5 пайыз;

Сайрам ауданынан – 73,2 пайыз;

Сарыағаш ауданынан – 60,5 пайыз;

Сауран ауданынан – 54,3 пайыз;

Созақ ауданынан – 99,7 пайыз;

Төлеби ауданынан – 71 пайыз;

Түлкібас ауданынан – 65,8 пайыз;

Шардара ауданынан – 54,1 пайыз;

Арыс қаласынан – 68,8 пайыз;

Кентау қаласынан – 81,1 пайыз;

Түркістан қаласынан – 30,8 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша Жетісай, Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Төлеби, Түлкібас аудандарынан және Кентау қаласынан басқа аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне – 50 пайыз;

Жетісай ауданының бюджетіне – 23,8 пайыз;

Қазығұрт ауданының – 32,3 пайыз;

Ордабасы ауданының – 83,6 пайыз;

Сайрам ауданының – 45,1 пайыз;

Төлеби ауданының – 20,9 пайыз;

Түлкібас ауданының – 31,2 пайыз;

Кентау қаласының – 25,3 пайыз;

облыстық бюджетке Жетісай, Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Төлеби, Түлкібас аудандарынан және Кентау қаласынан басқа аудандардан (облыстық маңызы бар қалалардан) – 50 пайыз;

Жетісай ауданының бюджетінен – 76,2 пайыз;

Қазығұрт ауданының – 67,7 пайыз;

Ордабасы ауданының – 16,4 пайыз;

Сайрам ауданының – 54,9 пайыз;

Төлеби ауданының – 79,1 пайыз;

Түлкібас ауданының – 68,8 пайыз;

Кентау қаласының – 74,7 пайыз;

элеуметтік салығы бойынша:

Бәйдібек ауданының бюджетіне – 37,7 пайыз;

Жетісай ауданының – 45,3 пайыз;

Қазығұрт ауданының – 37,3 пайыз;

Келес ауданының – 49,4 пайыз;

Мақтаарал ауданының – 74,3 пайыз;

Ордабасы ауданының – 43,3 пайыз;

Отырар ауданының – 50 пайыз;

Сайрам ауданының – 33,3 пайыз;

Сарыағаш ауданының – 42,1 пайыз;

Сауран ауданының – 36,9 пайыз;

Созақ ауданының – 16,7 пайыз;

Төлеби ауданының – 42,4 пайыз;

Түлкібас ауданының – 56,8 пайыз;

Шардара ауданының – 49,3 пайыз;

Арыс қаласының – 75,3 пайыз;

Кентау қаласының – 39,5 пайыз;

Түркістан қаласының – 67,2 пайыз;

облыстық бюджетке:

- Бәйдібек ауданынан – 62,3 пайыз;
- Жетісай ауданынан – 54,7 пайыз;
- Қазығұрт ауданынан – 62,7 пайыз;
- Келес ауданынан – 50,6 пайыз;
- Мақтаарал ауданынан – 25,7 пайыз;
- Ордабасы ауданынан – 56,7 пайыз;
- Отырар ауданынан – 50 пайыз;
- Сайрам ауданынан – 66,7 пайыз;
- Сарыағаш ауданынан – 57,9 пайыз;
- Сауран ауданынан – 63,1 пайыз;
- Созақ ауданынан – 83,3 пайыз;
- Төлеби ауданынан – 57,6 пайыз;
- Түлкібас ауданынан – 43,2 пайыз;
- Шардара ауданынан – 50,7 пайыз;
- Арыс қаласынан – 24,7 пайыз;
- Кентау қаласынан – 60,5 пайыз;
- Түркістан қаласынан – 32,8 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне – 100 пайыз;

өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары бойынша облыстық бюджетке – 100 пайыз.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 18.11.2022 № 18/224-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. 2022 жылға облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) бюджеттерге берілетін субвенциялар мөлшерінің жалпы сомасы 258 853 935 мың теңге болып қарастырылсын, оның ішінде:

- Бәйдібек ауданына - 10 590 911 мың теңге;
- Жетісай ауданына - 23 797 303 мың теңге;
- Қазығұрт ауданына - 15 134 777 мың теңге;
- Келес ауданына - 17 684 579 мың теңге;
- Мақтаарал ауданына - 18 659 904 мың теңге;
- Ордабасы ауданына - 16 329 008 мың теңге;
- Отырар ауданына - 11 674 622 мың теңге;
- Сайрам ауданына - 23 517 029 мың теңге;
- Сарыағаш ауданына - 23 501 865 мың теңге;
- Созақ ауданына - 7 250 615 мың теңге;
- Төлеби ауданына - 13 650 445 мың теңге;

Түлкібас ауданына - 11 440 439 мың теңге;

Шардара ауданына - 12 993 086 мың теңге;

Арыс қаласына - 11 339 168 мың теңге;

Кентау қаласына - 19 021 178 мың теңге;

Түркістан қаласына - 22 269 006 мың теңге.

4. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы;

облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;

облыстың сәулет және қала құрылысы басқармасы;

облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

5. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттерінің қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы;

облыстың құрылыс басқармасы.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

6. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін кредиттер қарастырылғаны ескерілсін.

Көрсетілген кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

7. Облыс әкімдігінің 2022 жылға арналған резерві 1 985 149 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 14.09.2022 № 17/204-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

8. 2022 жылға арналған жергілікті бюджеттің атқарылуы процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облыстық
мәслихатының хатшысы*

К. Балабиев

Түркістан облыстық
мәслихатының 2021 жылғы

2022 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 13.12.2022 № 19/231-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

1	Санаты		Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
				2	3
				I. Кірістер	1 181 534 500
				Салықтық түсімдер	53 869 164
	1			Салықтық түсімдер	53 869 164
		01		Табыс салығы	33 341 506
			1	Корпоративтік табыс салығы	4 289 182
			2	Жеке табыс салығы	29 052 324
		03		Әлеуметтік салық	19 414 088
			1	Әлеуметтік салық	19 414 088
		05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 113 570
			3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 058 141
			4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	55 429
				Салықтық емес түсімдер	14 251 555
	2			Салықтық емес түсімдер	14 251 555

		01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 659 338
			1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	90 521
			3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	324 645
			5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	125 000
			7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2 119 172
		04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8 655 771
				Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді	

			1	қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл атын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8 655 771
		06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 936 446
			1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 936 446
				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	50 000
	3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	50 000
		01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	50 000
			1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	50 000
				Трансферттердің түсімдері	1 113 363 781
	4			Трансферттердің түсімдері	1 113 363 781
				Төмен тұрған мемлекеттік	

		01		басқару органдарынан трансферттер	229 096 847
			2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	229 096 847
		02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	884 266 934
			1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	884 266 934
Функционалдық топ Атауы					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
	Бағдарлама				
1				2	3
				II. Шығындар	1 219 908 954
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	10 510 608
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	4 348 314
		110		Облыс мәслихатының аппараты	224 742
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	202 959
			005	Мәслихаттар депутаттары	4 535

				қызметінің тиімділігін арттыру	
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	17 248
		120		Облыс әкімінің аппараты	3 384 624
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 753 636
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	189 633
			009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	305 396
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	135 959
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	508 565
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	508 565

		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	230 383
			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	230 383
	2			Қаржылық қызмет	2 697 002
		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	143 089
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	142 295
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	794
		751		Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы	2 553 913
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	260 198
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған	6 866

				байланысты дауларды реттеу	
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	2 286 849
5				Жоспарлау және статистикалық қызмет	408 724
		750		Облыстың стратегия және экономикалық даму басқармасы	408 724
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	408 724
9				Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	3 056 568
		269		Облыстың дін істері басқармасы	266 392
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	172 731
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	93 661
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	2 790 176

			061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	2 790 176
02				Қорғаныс	404 918
	1			Әскери мұқтаждар	91 864
		120		Облыс әкімінің аппараты	91 864
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	75 377
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	16 487
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	313 054
		120		Облыс әкімінің аппараты	124 733
			012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	124 733
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	2 000
			002	Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту	2 000
				Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше	

		287		жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	186 321
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	138 000
			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	48 321
03				Қоғамдық тәртіп , қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	22 982 056
	1			Құқық қорғау қызметі	22 982 056
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырыл атын атқарушы ішкі істер органы	16 228 678
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 463 614
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға	3 063

				қатысатын азаматтарды көтермелеу	
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 762 001
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	6 753 378
			003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	6 753 378
04				Білім беру	472 010 754
	1			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	77 388 452
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	77 388 452
			200	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	708 124
			202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	76 680 328
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	360 073 633
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	18 443 265
				Қосымша білім беру	

			069	объектілерін салу және реконструкциялау	10 000
			086	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	18 433 265
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	11 693 116
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	10 977 696
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	715 420
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	329 937 252
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	3 841 737
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	4 871 376
			055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	5 437 190
				Мемлекеттік бастауыш,	

			082	негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	258 734 579
			203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	57 052 370
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	21 915 346
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	20 732 846
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	20 229 812
			089	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	503 034
		754		Облыстың қоғамдық денсаулық басқармасы	1 182 500
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 164 508
			044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша	17 992

				оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	
5				Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	1 591 136
		120		Облыс әкімінің аппараты	9 646
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	9 646
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	1 467 314
			052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	1 467 314
		754		Облыстың қоғамдық денсаулық басқармасы	114 176
			005	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	114 176
6				Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	1 217 587
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	1 217 587

			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 217 587
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	9 824 600
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	9 824 600
			001	Жергілікті деңгейде адами әлеуетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 036 114
			005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	4 659 569
			007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	504 462
			011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық	1 472 659

				консультациялық көмек көрсету	
			019	Мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	34 000
			029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	368 236
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 125 793
			080	Нұрсұлтан Назарбаев Қорының "ELUMITI" таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	151 123
			086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	1 150
				Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (

			087	балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	471 494
05				Денсаулық сақтау	20 736 429
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	5 339 370
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 685 339
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	1 685 339
		754		Облыстың қоғамдық денсаулық басқармасы	3 654 031
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	47 240
			015	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 574 739
			041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен	2 031 793

				қосымша қамтамасыз ету	
			042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	259
	3			Мамандандырылған медициналық көмек	7 937 797
		754		Облыстың қоғамдық денсаулық басқармасы	7 937 797
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	7 937 797
	5			Медициналық көмектің басқа түрлері	73 059
		754		Облыстың қоғамдық денсаулық басқармасы	73 059
			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	73 059
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	7 386 203

		754		Облыстың қоғамдық денсаулық басқармасы	7 386 203
			001	Жергілікті деңгейде қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	274 652
			004	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	6 976 681
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	55 887
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	21 300
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	45 683
			023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	12 000
06				Әлеуметтік көмек және	44 914 122

				әлеуметтік қамсыздандыру	
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	6 467 393
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 260 827
			002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	656 788
			012	Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедек балалар үшін арнаулы	375 048

			әлеуметтік қызметтер көрсету		
			013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 196 743
			014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 032 248
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	2 256 753
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	2 256 753
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	949 813
				Жетім балаларды,	

			015	ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	830 024
			016	Тәрбиелейтін мекемелердегі балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамсыз ету	28 543
			092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	91 246
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамсыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	38 446 729
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	38 307 924
			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамсыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	250 501
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 400
				Үкіметтік емес ұйымдарда	

			018	мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	240 079
			044	Жергілікті деңгейде көші-кон іс-шараларын іске асыру	31 858
			053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	306 340
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	83 198
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	37 394 548
		270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	113 500
			001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	113 500
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	25 305
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір	25 305

				сүру сапасын жақсарту	
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	125 961 770
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	37 454 438
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	37 419 438
			012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	25 663 121
			013	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	11 756 317
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	35 000
			054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	35 000
	2			Коммуналдық шаруашылық	88 507 332
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	88 507 332
				Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын	

			001	үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	372 549
			032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	3 262 451
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	23 681 307
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	61 191 025
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	36 922 889
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	5 995 664
		262		Облыстың мәдениет басқармасы	5 995 664
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	127 472

			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	960 376
			005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 036 307
			006	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	8 251
			007	Театр және музыка өнерін қолдау	2 810 231
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	240 753
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	812 274
	2			Спорт	19 278 014
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	12 150 162
			017	Спорт объектілерін дамыту	12 150 162
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	7 127 852
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	119 099

			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	172 128
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	6 377 398
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	213 598
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	245 629
	3			Ақпараттық кеңістік	6 510 745
		262		Облыстың мәдениет басқармасы	363 282
			008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	363 282
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	2 053 733
			009	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	2 053 733
				Облыстың цифрландыру, мемлекеттік	

		755		қызметтер көрсету және архивтер басқармасы	4 093 730
			001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, архив ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 371 605
			003	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	625 243
			008	"Цифрлық даму орталығы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	14 655
			009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	82 227
	4			Туризм	4 122 300
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	3 557 285
			089	Туризм объектілерін дамыту	3 557 285
		284		Облыстың туризм басқармасы	565 015
			001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	537 674
			004	Туристік қызметті реттеу	27 341
				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық	

	9			кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 016 166
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	1 016 166
			001	Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	772 137
			006	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	244 029
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	4 521 738
	1			Отын және энергетика	4 521 738
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 521 738
			007	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	4 000 000
			081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыл сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	521 738
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған	54 335 312

				органы және жануарлар дүниесін қорғау, ж е р қатынастары	
	1			А у ы л шаруашылығы	39 580 135
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	37 009 183
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	409 520
			002	Т ұ қ ы м шаруашылығын дамытуды субсидиялау	257 974
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 160
			006	Б а с ы м дақылдардың өндірісін дамытуды субсидиялау	432 075
			008	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	395 000
				М а л қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды)	

			011	салуды, реконструкция а у д ы ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету	18 296
			012	А у р у жануарларды санитариялық с о ю д ы ұйымдастыру	8 229
			013	Қаңғыбас иттер м е н мысықтарды аулауды және ж о ю д ы ұйымдастыру	107 296
			014	А у ы л шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің қ ұ н ы н субсидиялау	17 372
			018	Пестицидтерді (у л ы химикаттарды) залалсыздандыр у	1 748
			019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	36 212
			028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	40 135
			029	А у ы л шаруашылық дақылдарының з и я н д ы организмдеріне	23 520

				қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	
			030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасын арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	537 659
			036	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	27 303
				Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы	

			039	мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу	436 966
			045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	25 000
			047	Тыңайтқыштар (органикалықтар ды қоспағанда) құнын субсидиялау	6 060 700
			049	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	22 732
			050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	6 530 835
			053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	9 398 839
			056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде	6 249 570

				сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	
			057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	1 300 000
			070	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	4 104 199
			077	Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау	379 490
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	175 353
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	2 570 952
			020	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	2 570 952
2				Су шаруашылығы	8 146 784

		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	74 689
			002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу	74 689
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	8 072 095
			068	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8 072 095
	3			Орман шаруашылығы	3 959 734
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	3 959 734
			005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	3 959 734
	5			Қоршаған ортаны қорғау	911 535
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	911 535
			001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік	152 603

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	3 360
			010	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	675 875
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	79 697
	6			Жер қатынастары	737 124
		251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	712 771
			001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	110 051
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	602 720
		729		Облыстың жер инспекциясы басқармасы	24 353
			001	Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске	24 353

				асыру жөніндегі қызметтер	
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	1 000 000
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	1 000 000
			035	Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру	1 000 000
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	25 943 492
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	25 943 492
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	25 459 677
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	316 207
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	25 143 470
		272		Облыстың сәулет және қала құрылысы басқармасы	324 553
				Жергілікті деңгейде сәулет	

			001	және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	182 566
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	141 987
		724		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы	159 262
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	159 262
12				Көлік және коммуникация	42 414 684
	1			Автомобиль көлігі	24 703 991
		268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	24 703 991
			002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	10 589 012
			003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	13 926 212
			028	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	188 767

	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	17 710 693
		268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	17 710 693
			001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	207 247
			005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	280 893
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	14 444 689
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	2 777 864
13				Басқалар	77 623 675
	1			Экономикалық қызметтерді реттеу	1 000
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 000
				Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық	

			040	аймақтардың, индустриялық парктердің инфрақұрылым ын дамыту	1 000
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау ж ә н е бәсекелестікті қорғау	3 732 412
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	157 500
			104	Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу	157 500
		278		Облыстың кәсіпкерлік және с а у д а басқармасы	2 279 088
			004	"Бизнестің жол қартасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	69 300
			006	"Бизнестің жол қартасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	1 533 000
				"Бизнестің жол қартасы-2025"	

			007	бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	500 000
			008	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	128 788
			082	"Бизнесің жол картасы-2025" бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ж а ң а бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	48 000
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 295 824
			024	"Бизнесің жол картасы-2025" бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	1 295 824
	9			Басқалар	73 890 263
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	777 787
				Мемлекеттік-жекешелік	

			096	әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	777 787
		268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	42 896 438
			096	Мемлекеттік-же кешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	42 896 438
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	15 872 074
			078	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	12 314 774
			097	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	3 557 300
		278		Облыстың кәсіпкерлік және сауда басқармасы	98 714
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және сауданы дамыту саласындағы мемлекеттік	98 714

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 000 000
			037	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	4 000 000
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 584 616
			053	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	217 417
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 367 199
		750		Облыстың стратегия және экономикалық даму басқармасы	600 000
				Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық	

			003	негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	600 000
		751		Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы	1 985 149
			012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	1 985 149
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	5 315 773
			030	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	2 970 708
				Мемлекеттік-жекешелік	

			096	әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 345 065
		754		Облыстың қоғамдық денсаулық басқармасы	373 796
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	373 796
		756		Облыстың инвестиция және экспорт басқармасы	385 916
			001	Жергілікті деңгейде инвестиция және экспорт қызметін дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	133 075
			004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шаралар іске асыру	252 841
14				Борышқа қызмет көрсету	7 864 195
	1			Борышқа қызмет көрсету	7 864 195
		751		Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы	7 864 195

			004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	7 709 330
			016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	154 865
15				Трансферттер	272 762 312
	1			Трансферттер	272 762 312
		751		Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы	272 762 312
			007	Субвенциялар	258 853 935
			011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	608 011
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	10 000 000
			026	Заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге өтемақыға	2 111 015

				берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	
			053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1 189 351
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	-29 864 796
Функционалдық топ Атауы					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
				Бюджеттік кредиттер	9 543 722
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	955 364
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	955 364
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	955 364
			087	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне	955 364

				күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру	
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	8 588 358
	1			Ауыл шаруашылығы	6 479 482
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	6 479 482
			078	Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредиттер беру үшін кредит беру	6 479 482
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	2 108 876
		750		Облыстың стратегия және экономикалық даму басқармасы	2 108 876
			007	Мамандарды элеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға	2 108 876

				берілетін бюджеттік кредиттер	
	Санаты			Атауы	
		Сыныбы			Сомасы, мың теңге
			Кіші сыныбы		
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 408 518
	5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 408 518
		01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 408 518
			1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	39 326 241
			2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	82 277
				IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	79 570
Функционалдық топ Атауы					
	Кіші функция				Сомасы, мың теңге
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Қаржы активтерін сатып алу	109 570
13				Басқалар	109 570
	9			Басқалар	109 570
		284		Облыстың туризм басқармасы	109 570
			065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	109 570
	Санаты			Атауы	
		Сыныбы			Сомасы, мың теңге
			Кіші сыныбы		

				Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер	30 000
	6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	30 000
		01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	30 000
			1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	30 000
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-8 589 228
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8 589 228

Түркістан облыстық
мәслихатының 2021 жылғы
10 желтоқсандағы № 13/122-VII
шешіміне 2-қосымша

2023 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 29.03.2022 № 14/166-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

	Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Кіші сыныбы		
1				2	3
				I. Кірістер	695 833 805
				Салықтық түсімдер	34 589 915
	1			Салықтық түсімдер	34 589 915
		01		Табыс салығы	19 745 223
			1	Корпоративтік табыс салығы	4 792 260

			2	Жеке табыс салығы	14 952 963
		03		Әлеуметтік салық	13 866 887
			1	Әлеуметтік салық	13 866 887
		05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	977 805
			3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	938 853
			4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	38 952
				Салықтық емес түсімдер	1 714 063
2				Салықтық емес түсімдер	1 714 063
		01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 614 063
			1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	44 429
			3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	167 104
			5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	12 540
			7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер	1 389 990

				бойынша сыйақылар	
		06		Басқа да салықтық емес түсімдер	100 000
			1	Басқа да салықтық емес түсімдер	100 000
				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	5 323
	3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	5 323
		01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5 323
			1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5 323
				Трансферттердің түсімдері	659 524 504
	4			Трансферттердің түсімдері	659 524 504
		01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	228 387 641
			2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	228 387 641
		02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	431 136 863
			1	Республикалық бюджеттен	431 136 863

				түсетін трансферттер	
Функционалдық топ Атауы					Сомасы, мың теңге
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
1				2	3
				II. Шығындар	694 842 812
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 128 675
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 442 295
		110		Облыс мәслихатының аппараты	69 739
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	69 739
		120		Облыс әкімінің аппараты	1 828 056
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 828 056
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	365 438
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	365 438
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	179 062

			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	179 062
	2			Қаржылық қызмет	249 650
		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	84 935
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 935
		751		Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы	164 715
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	162 292
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2 423
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	209 157
				Облыстың стратегия және	

		750		экономикалық даму басқармасы	209 157
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	209 157
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	227 573
		269		Облыстың дін істері басқармасы	227 573
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	139 091
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	88 482
02				Қорғаныс	364 753
	1			Әскери мұқтаждар	193 461
		120		Облыс әкімінің аппараты	193 461
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	80 291
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	113 170

	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	171 292
		120		Облыс әкімінің аппараты	120 797
			012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	120 797
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	50 495
			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	50 495
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	8 655 407
	1			Құқық қорғау қызметі	8 655 407
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	8 655 407
				Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және	

			001	қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 652 206
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3 201
04				Білім беру	255 297 762
	1			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	43 945 996
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	43 945 996
			200	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	525 521
			202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	43 420 475
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	185 021 328
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	38 436 988
				Бастауыш, негізгі орта және	

			086	жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	38 436 988
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	7 568 234
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	7 036 684
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	531 550
		753		Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы	139 016 106
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 288 915
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 734 144
			055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	2 867 644
			082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	111 973 529

			203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	19 151 874
